

Kazakh transcript:

Шашбау шаштың түбіне бекітіліп, бұрыммен бірге салбырай төгіліп тұрады.

Әйел әшекейлерінің ішінде ертеден келе жатқан және күні бүгінге дейін кең қолданылатын әсемдік бұйым – білезік.

Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тығыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған, ашпалы-жаппалы, сом темірден тұтас құйылған жұмыр түрлері болады. Соған орай оларды сом білезік, жұмыр білезік, қарта білезік, қақпақ білезік, бес білезік, сағат білезік деп әртүрлі атайды. Олардың ішінде алтын, күміс, нәзік шынжырмен шымдалып жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі. зергерлер білезіктерге неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қарала жүргізіп, сіркелеп, бұралға ширатып әсемдеген. Олар көбінесе күмістен соғылады.

Әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрін жүзік немесе сақина деп атайды. Сақиналар ғұрыптық дәстүрде, негізінен, үйлену салты кезінде қолданылады. Сол алтыннан құйылатын мұндай сақинаны жас жұбайлар атыжоқ (төртінші) саусағына тағады.

Ұзатылған қыздарға нәзік лайықты. Ал қос көзді, ауқымды етіліп соғылған салмақты жүзіктерді құдағи жүзік деп атаған. Жасы ұлғайған салмақты жүзіктерді құдағи жүзік жеп атаған. Жасы ұлғайған әйелдер, әсіресе, жиын-тойларда әр саусағына бірнеше жүзіктерді қабаттап тағатын болған. зергерлер алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қара ала жүргізіп шиыршық темірден торлап, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып алуан түрлі жүзіктер жасаған. Олар жасалу түрі мен қолданылу ретіне қарай отау жүзік, жималы жүзік, тасбақа жүзік деп аталған.

Киімнің екі өңірін бір-біріне қосып тұру үшін тағатын әшекейдің бірі – қапсырма. Ол бір-біріне топса арқылы бекітілетін екі бөліктен тұрады. Олар үш бұрыш, сүйір, доға тәріздес, төрт-бұрыш, сопақша сияқты әр түрлі пішінде болады. Көбінесе күмістен құйылып, тапталып, шекімеленіп жасалады. Қапсырманың бетіне аң-құстың, ай мен күннің немесе өсімдік тектес өрнектер салынып, тастар қондырылып әсемделеді.

Қазақ халқының ұлттық киімнің сәнін келтіретін тағы бір маңызды бөлшегінің бірі – белдіктер. Көбінесе батырлар мен аңшылар тағатын белдіктер қос қабатталған былғарыдан жасалынады. Олар берік болып келеді. Белдіктің күміс қапсырмаларына ай мен күннің, аң, құстардың символикалық бедерлері салынған. Түрлі қарулар мен басқа да керек-жарақтар ілінетін салпыншақтары бар болған.

Қыз-келіншектердің белдіктері күміс әшекейлермен сәнделеді, бірақ ерлердікіне қарағанда нәзік әшекейлері мол, көркем болады. Олар теріге асыл маталарға

(барқыт, мақпал, пүліш т.б.) жапсырылады немесе нәзік сымдармен үзбеленіп бекітілген қапсырмалармен әсемделіп жасалады. Белдіктердің өз сипаттарына қарай кемер белдік, кісе белдік деп аталатын түрлері кездеседі.

English translation:

The hair ribbon is fastened at the edge of the hair and hangs together with the rest of hair.

The bracelet is one of women's decorative things worn from early time till nowadays. The bracelet can be worn either on both hands or on the one hand. Among them there are the bracelet made of several rows, the bracelet which can be opened and closed, or the bracelet made from heavy metal. According to this, bracelets are called iron bracelets, round bracelets, *kakpak* bracelets¹, five-bracelets², watch-bracelets. Among these there are gold, silver bracelets, bracelets joined by a row of soft wire and with several rings. The jewelers would decorate bracelets with different ornaments, stones, darken them for attractiveness. Mostly they are made from silver.

Women's jewelry worn on fingers are called rings³. According to the traditions rings are used in wedding ceremonies. The rings made from gold the bride and the groom wear on their fourth fingers.

Gentle things match brides. And massive rings with stones are for mothers-in-law. Old massive rings are called rings for mothers-in-law. Elderly women would wear several rings on each finger, especially at big parties. The jewelers would make rings from gold, silver, decorate them with ornaments and precious stones, darken them. According to the make and the use, there are rings for wearing at home, turtle rings.

The device used for joining together the two lapels of the clothes is called a buckle. They are clasped to each other with the help of a hinge (loop) and consist of two halves. They can be in the form of a triangle, a cone, an arc, square, oval, etc. Mostly they are made from silver, then flattened, and darkened. The surface of the buckle is decorated with pictures of animals and birds, the moon and the sun, or ornaments of vegetation.

Belts are another important kind of adornment of Kazakh national clothes. Mostly belts for warriors and for hunters are made from double layered leather. They are durable. The pictures symbolizing the moon and the sun, animals and birds are on the buckles of the belts. There were also loops for arms and for other necessary things on them.

Girls' and women's belts are decorated with silver, but unlike men's belts they are decorated with gentle things and are more picturesque. The leather base is decorated with expensive materials (velvet, plush, etc.) or with buckles fastened with soft wire. According to the purpose of a belt, there are belts made of iron, belts with pockets, etc.

¹ Bracelets with a decorative ball in the center

² A bracelet joined together with rings for each (five) fingers

³ The speaker is introducing Kazakh vocabulary

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.

© 2003-2009 Five College Center for the Study of World Languages and Five Colleges, Incorporated